

УДК 8

Сейсембай, Г.А.,
аға оқытушы, ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан
Сексенбай, Ж.М.,
4-курс студенті, ҚМПУ, филология факультеті,
Қостанай, Қазақстан

ЖАНАТ ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БОЛМЫСЫНЫҢ ЖАЛҒЫЗДЫҚҚА ҰМТЫЛЫСЫ

Түйіні

Бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясының өкілі Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы лирикалық өлеңдерге талдау жасалды. Ақын Жанат Әскербекқызы шығармашылығы негізінде әйел ақындардың тұлғалық болмысы жайлы сөз етіліп, өмір сүру пәлсапасы мен психологизм мәселелерінің өлеңде өрнектелу әдістері талданған.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: қазіргі қазақ поэзиясы, Жанат Әскербекқызы, экзистенциализм, психологизм, лирикалық өлеңдер.

1. Бізге мәлім тарихта XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі қазақ қыздарының өлеңдеріне теңдік, еркіндік тақырыбы арқау болғаны белгілі. Ал XX ғасырдағы зиялы қазақ қыздарының көшін Мәриям Хәкімжанова, кейін Зияш Қалауова бастаса, олардың поэзиядағы позициясы бекіген кезеңі Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина, Ақ ұштап Бақтыгереева, Қанипа Бұғыбаева, Күләш Ахметова, Гүлнар Салықбай сынды ақындардың өлең өлкесіне аялдауымен сәйкес келетіндей. Нәзік жандылар поэзиясы тәуелсіздік жылдары да біршама түрленіп, ақындар дәстүрлі қазақ өлеңін жаңа сүрлеуге салып, заман көшіне ілестіріп ала жөнелді. Солардың ішінде Жанат Әскербекқызының шығармашылығы ерекше аталуы тиіс. Жанат ақын өз өлеңдерінде көктүріктің көне сарынын, мифтік ойлау жүйесінің өлеңдегі көрінісін жаңа бағыт, яғни модернизммен қиыстыра отырып, дәстүр жалғастығы мен жаңашылдық ұғымының ұтымды көрінісін қалыптастырды. Толып жатқан измдарды ары қарай өрбітсек, модернизмнен кейін постмодернизм алдымыздан шығады. Бұл көштің де басында Танагөз Толқынқызы, Нәзира Бердалы бастаған бір топ бар: Айнұр Төлеу, өзін жыраулық дәстүрді жаңғыртып жүрмін дейтін Мақпал Жұмабай, әлі кітап боп шықпаған Ботагөз Бексары және басқалары. Біз осы мақаламызда Жанат Әскербекқызы шығармашылығы негізінде әйел ақындардың тұлғалық болмысы жайлы сөз ететін боламыз.

2. Жалпы, экзистенциализм сөзі латын тілінде "өмір сүру" деген мағынаны білдіреді. Біздің түсінігімізде бұл ұғым барынша кеңінен анықталуы керек: біріншіден, әрбір адамның тіршілік ету барысында өз тәжірибесі арқылы көз жеткізген ақиқаты, өмір сүру шындығы, өлімді қабылдау батылдығы; екіншіден, адам баласының бойына сіңірілуге тиіс жалпы адамзаттық құндылықтардың бір арнаға тоғысуы – өмірлік мақсат-мұраттың қалыптасу негіздері. Философия ғылымдарында бұл мәселе туралы терең әрі миға біршама салмақ саларлық көзқарастар бар. Ал, лирикалық тұлғаның экзистенциялық болмысы туралы айтқанда біз ақынның объективті көзқарасына, жалпы дүниетанымына көбірек мән беретін боламыз.

Нәзік жандылар поэзиясы әдетте, сезімге толы таза лирикалық туындылардан құралады деген стереотип бар. Рас, бірақ қазақ ақын қыздарының жырларында қашанда өршіл рух, қайсар мінез және жауынгерлік жігерге айрықша орын беріледі. Оның айқын дәлелі – өр мінезін өлеңмен егіз еткен жоғарыда аттары аталған арулардың жауһар жырлары.

3. Солардың ішінде ақындық пен ғылым деген даңғыл жолдарды параллель тартып келе жатқан Жанат Әскербекқызы поэзиясының жөні бөлек. Ақын шығармашылығының негізгі ерекшелігі жаратылыс пен адам болмысы арасындағы үндестік, адам сыры, көнеден келе

жатқан ұлттық сипат, көк пен жер арасындағы тіршілік, тылсым дүние, сезім-күй әуендерінен танылады.

Ш.Уәлиханов атындағы КМУ профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Жәмбек Сәбит Нұрмұхамбетұлының осы жылдың сәуір айында жариялаған "Қазақ поэзиясындағы экзистенциялық көңіл-күй" атты мақаласында қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлғаның өмір сүру толғанысы мен ішкі әлеміндегі беймаза күйді түсіндіруге бастау салып, поэзияны жан ілімімен тығыз байланысының ғылыми астарын сипаттады деуге негіз бар.

«... жазушы, философ Жан Поль Сартрдың көркем шығармашылыққа байланысты концепциясындағы көзқарастары негізінде экзистенциялық мәселенің поэзиядағы, оның ішінде қазақ поэзиясындағы экзистенциалдық көңіл-күй тақырыбын талдап-түсінуде ерекше маңызы бар. Жан Поль Сартрдың пайымдауынша өмірдегі объектінің (нысанның) мәні шамалы, ал осы объектіден (прототиптен) туындайтын, пайда болатын образ ерекше мәнге ие. Сонымен образ өмірдегі объектіден (нысана) прообраздан туындайды. Ақиқат өмірдегі объект енді ол үшін реалды емес. Образ үшін енді объект ирреалды болмыс. Заттың, құбылыстың объектісін (нысаны) адамның «қабылдаушы санасы» көре алады. Көргенде оны толық күйінде жан-жақты емес, көзіне көрініп тұрған қырынан қабылдайды. Объект туралы басқа мәлімет, білімдердің жиынтығы болуы мүмкін емес. Яғни бұл қабылдау нақтылы-сезімдік тұрғыда болып келеді. Ал объектіні жан-жақты толық көріп, ол туралы мәлімет-білімдердің жиынтығы үнемі жаңғырып, толықтырылып отыруының арқасында образға айналдыру «елестетуші сананың» образы сананың синтетикалық актілері арқылы жүзеге асады. Бұл процеске едәуір дәрежедегі білім, сананың интенциясы, репрезентативті бейнелеу элементтері қатысады. Бұл пайда болған образ нақты сезімдік және білім объектісі бола алады. «Елестетуші сана» арқылы пайда болған объектінің образына образды қайтадан жаңғырту үшін енді объектінің қажеті жоқ. Көзімізге объектіні әкелсе біздің «елестетуші санамыз» жұмыс істемейді. Нақты объектіні тек қана «қабылдаушы сана» ғана қабылдайды. «Елестетуші сана» образды нақты объектінің қатысынсыз, сана интенциясы арқылы жаңғыртады. Ол реалды объекті тарапынан детерминацияланбайды. Образ сананың ішкі қызметтері арқылы жаңғырады». Жәмбек С.Н. (2017).

Осы пікірді негізге ала отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: адам баласының "елестетуші санасында" қалыптасатын образдардың ең күрделісі – "жалғыздық".

Себебі, өлімнің алғышарты да кейінгі салдары да адам баласының қайғыру әрекетіне ұласып, белгілі уақыт өлшеміне сәйкес жекеленуге, яғни жалғыздыққа әкеліп тіреді. Бұл жаратылыстың бұлжымас заңдылығы. "Жалғыздық" – ислам дінінің тірегі Таухид ілімінің негізгі ұғымдарының бірі. Жалғыздық – тұтас жаратылысты, мән мен барлықты Жаратушы Алла, соның ғана қасиет белгісі. "Жалғыздық Құдайға ғана жарасады" деу, Қазақ халқының әулие, хакім, данышпан және ғұламаларға құрметпен қарағанын, бірақ өлшеусізбен өлшегендерді қабылдамағанын байқатады. Жалғыздық – философияда да негізгі ұғым-категория, сөз өнерінде, сол сияқты бейнелеу өнерінде басты көркемдік эстетикалық мотив". Қасенов Е. (2013).

4. Жан күйінің тыныштық табуға ұмтылысы жалғыздыққа апарды. Адам көңілінің құлазуы кейде адам атаулыдан аулақтауға, жалғыздыққа жетелейді. Жалғыздық – дүниеден аулақтану, ал туған елден кете алмау – азап. Жалғыздық көру – кемшілік көру, опық жеу, жалғызсырау. Философиялық тұрғыдан түсіндірер болсақ, ішкі жанның әлдебір абсолютті күшке ұмтылуы. Ақын "елестетуші санасында" "жалғыздық" бірде әкесі дүниеге келген бесалты үйлі шағын ауыл ("*Жалғыз тал*" өлеңі); бірде адамның жабығуы мен құлазуы, алуан түрлі сезімінің шетсіз-шексіз кеңдігі, арман аңсауы; енді бірде жалғыздық ұлттық таным кеңістігінде бірде жағымсыз, бірде жағымды астар беретіні аңғарлады.

Ақын өлеңдеріндегі "жалғыздық" образының көрінісі индивидуалды түсінікте және поэтикалық бейнелеуінде автордың жеке метафоралау тәсілдері арқылы танылатыны анықталды. Ақын поэзиясының тілі қаншалық бай, көркем болса, соншалық дәстүрлі поэзияға қарағанда жаңаша колорит байқалады. Себебі, поэтикалық мәтінде стереотиптік тіркестер

көп кездесе қоймайды, оның орнын авторлық фраземалар мен метафоралар басып отыр. Мұны төменде талдау барысында тілге тиек етіп, тарқата түсеміз.

"Жылы үміт", "зарлы жыр", "өлімнің суық ызғары", "қайғы табы", "жапырақ жасы", "түннің перзенті", "күміс қанат күйме" сынды көркемдеуіш-бейнелеуіш қолданыстар "жалғыздық" ұғымының танымдық мәніне ерекше көркемдік үстеп тұр. Әрі бұл образды тіркестердің, төменде мысал ететін символдық бейнелердің ерекшелігі – авторлық қолданысында. Яғни, Жанат Әскербекқызы жырларында кездесетін мұндай тіркестер тосындығымен, дәлдігімен қайран қалдырып, ақынның таным тереңдігіне тамсандырмай қоймайды. Мысалы:

I. **Көмейден ұшты бір ән жыраққа,**

Жанымды қайтіп алып қалармын. ("Ата қоныс" 5 б.)

II. **Жалғыздық деген зарлы жыр** еді,

Әкем де менің жалғыз ұл еді.

Күдігін шайған сенімді үміттің

Шырайы қанық алқызыл еді. ("Жалғызтал" 10 б.)

III. Санамнан сарнап сөйледі әр күн,

Өлімнің суық ызғары[4;13]

IV. Тынады бұлт, жусанға жаны ашыған,

Қайғы табы сезіліп қарасынан. [2;12]

V. Кеудемнен шыркыратып жанымды үзіп,

Ақ сағымда барады ауыл жүзіп. ("Ауылдан аттанғанда" 14 б.)

VI. Шынар тұр, шыңның төсінен

Жапырақ жасы домалап. ("Шыңдағы шынар" 16 б.)

VII. Осал тұсын жанымның сезеді жұрт,

Сүйгенім – **тұл терек, өзегі құрт.** [2;57]

VIII. Қап-қара түске құмармын,

Түннің перзенті шығармын. [2;73]

IX. **Күміс қанат күймеге** қиял мініп,

Саған емес, кетті ғой күнге самғай. [2;150]

Ал келесі мысалда ақын шеберлігі одан әрі айқындала түседі. Мұнда лирикалық тұлғаның өр рухы, жалпы болмысы да халықтық танымнан тармақталып, автордың өзіндік пайым-түйсігі арқылы лирикалық тұлға болмысын кіршіксіз қалпында екі шумаққа ұласқан метафоралық тұтастықпен айшықтайды:

Түнгі дала сарынымын,

Түнгі дала аспанының лағлымын.

Тәтті сезім шырынымын,

Түңлікті ойдың тамұғымын.

Сикырлы өзен сылқылымын,

Сылқым тұма бүлкілімін.

Тымық түнге бауыр басқан

Ұлпа сезім үлпілімін. ("Мен..." 121 б.)

Лирикалық тұлғаның жан сарайының жаңғырығы немесе құлазыған көңілдің даралану сипаты былайша кестеленеді:

Жалғыздық жанын жаралап,

Жаралап, және даралап,

Шынар тұр, шыңның төсінен

Жапырақ жасы домалап. ("Шыңдағы шынар" 16 б.)

Жаз өтті... Кетті сән күзден,
Барады күн де салқындап.
**Шарқ ұрып жүрмін жалғыз мен,
Адасқан қаздай қаңқылдап.** [2;83]
Жазықсыз үміт жаутандап,
Қапалы түннен сығалар.
Жан тұңғиығына үңілсең –
Тұншығып қалған тұма бар. [2;83]

Ақын танымында "жалғыздықтың" тағы бір ерекше образы бар. Ол әкесі дүниеге келген бес-алты үйлі шағын ауыл бейнесінде бедерленеді. Оған арналған жалғыз өлең бойына балалық шағы мен өткен күннің сағымдай елесін сыйғыза білген. Мысалы:

Жалғызтал!
Жалғыздық қазір атыңда ғана,
Жалғызбын деуге дәтің бара ма?!
Көк терек пенен ақ қайыңдардан
Жалғыз тал көрсең, қимай жүр дейді,
Жақынды жаттай сыйлай жүр дейді.
Жалғыздық зарын тартпаған жандар
Жалғанға мынау сыймай жүр дейді.
Жалғызтал, болдың бабама мекен,
Сусаған жүрек нәр ала ма екен?
Кінәмшіл көңіл түңілсе бір күн
Жалғыз тал өскен далама кетем... ("Жалғызтал" 11 б.)

Лирикалық кейіпкердің ішкі толғанысының, нәзік жандыларға тән талдырмаш сезімдерді шертетін күшті құрылымның бірі – сағыныш. Жанат Әскербекқызы жардарында сағыныш аңсары субъектіге емес, жалпы ғаламның ғажап құбылыстарына бағытталатыны байқалады. Мысалы, төмендегі шумақта о дүниелік болған кісі рухына деген сағынышы – "елестетуші сананың" жемісі. Келесі мысалдарда да символдық қолданыстар арқылы адам баласы ғана сезіп-біле алатын тылсым күйді дәл бейнелейді.

Өскіні едік таулы жер, аршалы елдің,
Аңсар көңіл ауаға қанса дермін.
Қарашыққа тұндырып сағынышты
Қабіріңе қамығып қанша келдім. [2;13]
Жалықтым суық күндерден
Жабырқау шағым көп менің
Төсіне жұпар гүлді өрген
Тезірек жетші, көктемім! [2;40]

Сандалып мұң-аралдарда,
Сарғайып сағым қуатын
Мен бармын мына жалғандарда
Сағынатын да сағындыратын. [4;148]

Жалғыздықтың бір есімін жекелей жағдайда батырлық деп беруге болады. Мысалы, төмендегі шумақтарда лирикалық тұлғаның нағыз қаһармандық болмысы мен өз трагедиясын мойындау ерлігі айқындала түседі:

Шуағымен сәуірдің еріді мұң,
Шамырқанды кеуденің шері бүгін.
Жалғыздығы шалқытып жалғыз сәтке
Жағалауды жаңғыртар менің үнім... ("Өскемен. Үлбі өзені және мен" 32 б.)

Ерек тұлға емес ем елдегі ірі,
Желік-күннің ұшыпты желге мұңы.
Иттен, құстан көңілі қалып жүрген,
Бағы кемдеу ақынның мен де бірі. [2;56]

Қара жолда мен қалдым қара жаяу
Сезімімді әйгілеп ала бояу.
Жат жанды да қапысыз өзімсінер
Ақындардың сенімі баладай-ау!... [2;167]

Күніреніп атар Шығыстан,
Көкбөрідейін таң ұлып
Киесі болып ұғысқан
Адамнан көрді-ау қатыгездік пен тағылық...
Көңілім қалды...
Көне ғасырға аттанам,
Көгілдір шәйі жамылып... [2;133]

Ал, келесі бір мысалдарда жалғыздық сондай аяулы халде, адамның ең осал тұсындай суреттеледі. Осы тұста ақын таза лирикалық иірімдерге ырық берген және басқа жырлардан гөрі эмоцияналды-экспрессивті бояуы қанығырақ:

Жел аластар асығыс желіп келіп,
Арғанаты тұрады ерік беріп,
Көкке қарай серпілген жұмбақ ару
Жібереді көз жасын төгіп-төгіп. [2;13]

Жерді жара, ұмсынып көкке мөлдір,
Арыла алмай өксікті өкпеден бір,
Тегін іздеп жүдейді телмірумен
Пері-қыздың жасынан көктеген гүл. [2;14]

Қараша келді жүрекке,
Өзірге мұңын түнетпе.
Ызғары шалар, жаныңа
Жазықсыз, нәзік гүл екпе!.. [2;71]

Тұтастай бір өлеңге келер болсақ, ақын шығармашылығындағы "**Шыңдағы шынар**" өлеңі "жалғыздық" ұғымын биіктетіп, тәкаппарлықпен үйлестіре отырып үлкен бір феномен жасаған. Шыңның ұшар басындағы кербез ағаш төмендегілердің күңкілін елемейтін асқан парасаттылық пен бүгінде жұрт бойынан ұмытылып бара жатқан "даралық" қасиетті үлгі етіп тұрғандай.

Ұшар басында **бір шынар**,
Тәкаппар, карап тұр сыңар,
Тілдесіп қана қайтуға
Төзімі жетіп кім шығар?!

Жазықты жайлап, еп көріп,
Жан-тәнімен жек көріп,
Шыңдағы **жалғыз шынарға**
Теректер қарар кектеніп.

Шынар тұр бойын тік ұстап,
Жапырағымен тыныстап.

Күңкілін жұрттың не қылсын,
Кімімен қалай ұғыспақ...

Жалғыздық жанын жаралап,
Жаралап, және даралап,
Шынар тұр, **шыңның төсінен**
Жапырақ жақсы домалап. [2;16]

Сөз басында экзистенциялизмнің бір қыры ретінде өлімді қабылдау батылдығын атап өткен едік. Жанат Әскербекқызы философиясында да өмір өткінші, соңы келіп бәрімір өлімге тірелетіні айқын айтылып отырады. Енді сол сөзімізді нақтылау үшін ақын өлеңдерінен мысал келтіреміз:

Токсанға келдің, той деді артың,
Сонда да жүрек сыздады.
Санамнан сарнап сөйледі әр күн
Өлімнің суық ызғары. [2;13]

Алдамшы өмір, құрғыр ма ең,
Құрығыр дүние, бұлдыр ма ең?!
Нәлет айттым мың күнге
Көңілім қалып бір күннен. [2;107]

Келесі мысалда Жанат Әскербекқызы өмір сүру пәлсапасын психологиялық аспектіде әсерлеп, адам өмірдегі шарасыздығын өліммен теңестіргендей. Яғни, шарасыздық – өмір сүре отырып өлу. Тек бұл жерде өлім тура мағынасында емес, адамның ішкі дүниесінің, оның ішінде сенім, үміт сияқты сезімдердің өшуімен сипатталып тұр:

Жүрек...
Жанып кетті,
Күлі қалды....

Көңіл
Кетпес кірбің
Іліп алды...

Күдік
Табалады
Кұнын алды...
Сенім
әлдеқашан
құрыған-ды... [2;60]

5. Жанат Әскербекқызының "Қаз қанатындағы ғұмыр" атты жинағына енген өлеңдер циклында лирикалық кейіпкердің, яғни ақынның рухани болмысы, ішкі жан күйін, өмірге көзқарасы көркем көрініс тапқан. Оның ішінде, творчестволық субъектінің психологизмі, "жалғыздық" атты "елестетуші санада" қалыптасқан деректің сипатын анықтадық. Жалғыздыққа ұмтылу – лирикалық тұлғаның экзистенциялық болмысы және өмір сүру салты деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер тізімі

Әскербекқызы, Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр: Өлеңдер мен поэма [Мәтін] / Ж. Әскербекқызы. – Алматы: Жазушы, 2007.

Жәмбек, С.Н. Қазақ поэзиясындағы экзистенциялық көңіл-күй [Электрондық ресурс] // Әдебиет порталы. –2017. – Қолдану режимі: <http://adebiportal.kz>.

Қасенов, Е. Тілдің қатысымдық және танымдық табиғаты (І.Жансүгіров поэзиясы тілі бойынша). Ғылыми монография [Мәтін] / Е. Қасенов. – Алматы. –2013.

Мәлімет редакцияға түсті: 30.03.2018

SEISEMBAY, G. A., SEKSEMBAY, G.M

THE DESIRE OF THE FEMALE NATURE TO BE ALONE IN THE POETRY OF ZHANAT ASKERBEKKYZY

This article analyses lyrical verses in the work of the representative of modern Kazakh poetry Zhanat Askerbekkyzy. Based on the work of Zhanat Askerbekkyzy personal qualities of the poetess were taken out, methods of expressing the problems of existentialism and psychologism in the poetess's poetry were analysed.

Keywords: *modern Kazakh poetry, Zhanat Askerbekkyzy, existentialism, psychologism, lyrical verses.*

СЕЙСЕМБАЙ, Г.А., СЕКСЕМБАЙ, Ж.М

ОТРАЖЕНИЕ СТРЕМЛЕНИЯ ЖЕНСКОЙ НАТУРЫ К ОДИНОЧЕСТВУ В ПОЭЗИИ ЖАНАТ АСКЕРБЕККЫЗЫ

В данной статье приведен анализ лирических стихотворений представителя современной казахской поэзии, Жанат Аскербеккызы. На основании творческих материалов Жанат Аскербеккызы выявлены личностные качества женщины-поэтессы, проанализированы методы выражения проблем философии жизни и психологизма в произведениях автора.

Ключевые слова: *современная казахская поэзия, Жанат Аскербеккызы, философия жизни, психологизм, лирические стихи.*